

Приватизация туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 19 сәуір 1993 ж. N 150-ө

Республикадағы темекі өндірісінің тиімділігін арттыру, валюталық түсімдердің көлемін ұлғайту, сондай-ақ тұтыну нарығын өнімдермен тез арада толықтыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетел инвестициялары жөніндегі ұлттық агенттіктің және Тамақ өнеркәсібі Қазақ мемлекеттік кооперативтік бірлестігінің ұсыныстарының негізінде Алматы темекі комбинатының акционерлік қаражатының бір бөлегін сатып алуға шетел инвесторларының арасында ашық конкурс өткізілсін.

2. Таяудағы кезеңге /3 жыл/ Алматы темекі комбинатының мемлекеттік акцияларының пакеті 51 процент мөлшерінде сақталсын. Акциялардың қалған бөлегі қатыстырылған шетел инвесторының еншісі деп белгіленсін.

3. Конкурс өткізу үшін қосымшаға сәйкес конкурс комитеті жасақталсын.

4. Конкурс комитетіне конкурс өткізу барысында туындаитын барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқық берілсін әрі оған материалдармен жұмыс істеуге Республиканың министрліктерінен, ведомстволары мен ұйымдарынан мамандар тартуға өкілеттік берілсін. Конкурсты өткізуге тәуелсіз консультант фирма тарту тиімді деп саналсын.

5. Конкурс комитетіне:

- бір апта мерзімде консультант фирмасы анықтап, онымен контракт жасасу;
- 5 мамырға дейін Алматы темекі комбинатын жекешелендіруге

және республикадағы темекі өнеркәсібін дамытуға қатысуы үшін шетел инвесторын таңдап алушың шарттарын әзірлеп, конкурс жариялау;

- 28 мамырға дейін қатысуы ықтимал инвесторлардан ұсыныстар қабылдауды аяқтау;

- 10 маусымға дейін түскен ұсыныстарды зерделеп, оның алғашқы нәтижелерін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына ұсыну тапсырылсын.

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрің
1993 жылғы 19 сәуірдегі
N 150 өкіміне
Қосымша

Конкурс комитетінің
Құрамы

Кәрібжанов Ж.С. - Қазақстан Республикасы

Премьер-министрің
орынбасары - Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік мұлік жөніндегі
мемлекеттік комитетінің төрағасы
/төраға/

Жандосов О.Ә. - Қазақстан Республикасы Экономика

министрің бірінші орынбасары
/төрағаның орынбасары/

Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті
төрағасының орынбасары /төрағаның
орынбасары/

Конкурс комитетінің мүшелері

Аймақов Б.Ж. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің салық саясаты
басқармасының бастығы

Арыстанов А.К. - Қазақстан Республикасының Экономика
министрлігі жаңындағы шетел
инвестициялары жөніндегі ұлттық
агенттіктің шетел инвестициялары
басқармасының бастығы

Байғабылов А.А. - Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігінің егіншілік
бас басқармасының бастығы

Дияров С.К. - Тамақ өнеркәсібі Қазақ мемлекеттік
кооперативтік бірлестігі төрағасының
орынбасары

Ибрагимов Т.М. - Қазақстан Республикасы Президенті
мен Министрлер Кабинеті Аппаратының
Сыртқы байланыстар бөлімінің

консультанты

Құрманғалиев С. - Монополияға қарсы саясат жөніндегі
Алматы қаласындағы аумактық комитеттің
төрағасы

Марченко Г.А. - Қазақстан Республикасы
Вице-Президентінің көмекшісі

Медеушеев Т.К. - Алматы темекі комбинатының директоры

Шоқпытов А.М. - Қазақстан Республикасы Президенті
мен Министрлер Кабинеті Аппаратының
Экономикалық саясат бөлімінің сектор
менгерушісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК